



BAITURSYNULY  
UNIVERSITY


## Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ ДАЙДЖЕСТІ

«2026 жылдың 1 тоқсанындағы жетістіктері мен басты оқиғалары»

Студенттер каникулда демалып жатқанда, ҚӨУ оқытушылары партаға отырды. «Қысқы мектеп» – жаңа дағдыларды меңгеруге көмектесетін жоба. Минимум дәріс, максимум тәжірибе.

Қатысушылар: профессорлық-оқытушылық құрам, кафедра меңгерушілері мен басшылар, жас оқытушылар, кураторлар. 5-16 қаңтар аралығында олар заманауи педагогикалық технологиялар, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, академиялық басқару, білім берудегі ЖИ, академиялық жазылым, инклюзивті және сапалы білім беру мәселелері бойынша семинарлар мен практикумдарға, воркшоптар мен шеберлік сабақтарына, сондай-ақ «Иннова – 2026» халықаралық конференциясына қатысады.

[Толығырақ](#)



Baitursynuly University-нің Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығында 2026 жылға арналған жұмыс жоспары талқыланды.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ-нің Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығының сарапшысы Римма Бектұрғанова, орталық жетекшісі Татьяна Зуева, сондай-ақ Қостанай облысы білім басқармасының басшысы Айман Ибраеваның кездесуі жүйелі пікіралмасу түрінде өтті.

[Толығырақ](#)


ҚӨУ халықаралық сапа стандарттарын белсенді түрде енгізуде.

ҚЫСҚЫ мектеп 2026 аясында Baitursynuly University оқытушылары QS рейтингі контекстінде білім беру бағдарламаларын жаңартуға арналған семинарға қатысты.

Академиялық комитеттердің өкілдері мен кафедра меңгерушілері құнды білім алды. Басты назар халықаралық рейтингтер талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының сапасын және олардың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға аударылды.

Бұл QS by Subject халықаралық пәндік рейтингінде білім беру бағдарламаларының қатысуына бағытталған «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту» бағдарламасы аясында тәжірибеге бағытталған іс-шара болды.

[Толығырақ](#)



«Өмір мен шығармашылыққа арналған жасанды интеллект» мастер-классы сәтті өтті.

Күні Smart Center-де «Күміс университет» бағдарламасы аясында жасанды интеллекттің күнделікті өмірдегі мүмкіндіктеріне арналған практикалық мастер-класс өтті.

Қатысушылар ChatGPT-пен танысып, оның көмегімен пайдалы жауаптар алу, мәтіндер жазу және күнделікті міндеттерді шешу жолдарын үйренді. Сондай-ақ нейрожелі Suno-ның мәтіндік сұраныс негізінде музыка құрастыратынын үлкен қызығушылықпен тамашалады

[Толығырақ](#)





**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде «Цифрлық трансформация және жасанды интеллект дәуіріндегі білім беру жүйесінің өзекті міндеттері» атты ИННОВА-2026 халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы өтті.**

Конференция цифрлық трансформация және жасанды интеллект технологияларын белсенді енгізу жағдайында білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын талқылауға арналған маңызды кәсіби алаңға айналды. Іс-шара академиялық қоғамдастықтың өкілдерін, жұмыс берушілер мен зерттеушілерді, тәжірибелі мамандарды бір жерге біріктірді.

[Толығырақ](#)

**ҚӨУ инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығында ғылыми-тәжірибелік зертхана жұмыс істей бастады.**

Психология, сондай-ақ педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының оқытушылары «ЖОО-да инклюзивті білім беру ортасын құру» атты біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасын өзірлеу үшін бірікті.

Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының қажеттілігі жоғары. Соңғы екі жылда ерекше білім беруді қажет ететін студенттер саны 166% өсті. Ал бұл динамика Қазақстандағы білім беру жүйесінің барлық кезеңдеріндегі инклюзивті процестердің арқасында өсетін болады.

[Толығырақ](#)



**Baitursynuly University-де ҚӨУ оқытушылары мен қызметкерлері арасында біріншілік басталды.**

Шешуші кезең ерекше қарқынды әрі думанды өтті. Қатысушылар дартс, арқан тарту, таяқ тарту және эстафетада бақ сынасты. Бұл – бірлік, өзара қолдау, командалық рух пен көтеріңкі көңіл-күй басты рөл атқаратын спорт түрлері.

ҚӨУ оқытушылары мен қызметкерлері арасындағы Біріншілік – факультет, кафедра не бөлім деп бөлінбей, барлығымызды біріктіретін ортақ серпін.

Айта кетейік, ұйымдастырушылардың айтуынша, биыл қатысушылар саны ерекше көп болған. ҚӨУ-дің белсенділігі жылдан-жылға артып келеді!

[Толығырақ](#)



**Baitursynuly University делегациясы университет ректоры Сейтбек Қуанышбаевтың бастауымен «Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету: жай-күйі мен даму перспективалары» атты республикалық форумға қатысты.**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған бұл алқалы жиын Nazarbayev University базасында өтті.

Ауқымды форумға жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының басшылары, халықаралық сарапшылар, сондай-ақ білім сапасын бағалау мен аккредиттеу саласының мамандары жиналды.

[Толығырақ](#)



**ҚӨУ-де қысқы мектеп аясында «Оқытушының жұмысындағы жасанды интеллект: оқу материалдарын дайындаудан студенттермен өзара әрекетке дейін» атты шеберлік сыныбы өтті.**

Спикер - Қалыбек Мәуленов, цифрлық технологиялар және ЖИ орталығының бастығы. Ол қатысушылармен зияткерлік технологиялардың оқытушының күнделікті жұмысында қалай көмектесетінін талқылады: оқу мәтіндерін талдау, дәрістер мен оқу-әдістемелік материалдарды тез дайындау, күрделі тақырыптарды жеңіл түсіндіру, студенттермен өзара әрекеттесу форматтарын кеңейту.

[Толығырақ](#)





**«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жоғары білім сапасы бойынша Ұлттық форумда білім беру бағдарламасы рейтингісінің қорытындысын ұсынды.**

Айта кету керек, рейтингке Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ-нің 44 білім беру бағдарламасы қатысты.

ҚӨУ-нің 7 бағдарламасы елдегі ТОП-3 білім беру бағдарламасының қатарына енді.

Үздік бестіктің қатарында біздің 13 БББ бар.


Үздік ондықта – 30 БББ.

[Толығырақ](#)

**Ректор Сейітбек Қуанышбаев бастаған Baitursynuly University-нің делегациясы қазір Лондонда.**

Онда ертең білім беру технологиясы мен оқудың болашағына арналған дүниежүзіндегі ең ірі көрме – British Educational Training and Technology Show 2026 ашылады.

Бүгін біздің ректор Lenovo компаниясының шақыруымен Ұлыбританияның жетекші университеттері – Buckinghamshire New University мен Imperial College London-да болды.



[Толығырақ](#)



**Түркістан облысының делегациясы ҚӨУ-нің студенттерімен кездесті.**

Университетке Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» басшысы мен аудандық орталықтардың өкілдері келді. Олардың мақсаты – «Серпін-2050» мемлекеттік білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің қалай оқып жатқанын білу.

Бүгінде ҚӨУ-де «Серпін» бағдарламасы бойынша 222 студент білім алып жатыр. Олардың жартысынан көбі, 124 студент Түркістан облысынан. Кездесу барысында студенттер өңіріміздегі өмірден, оқу үрдісінен алған әсерлерімен белсенді түрде бөлісті.

[Толығырақ](#)

**Ректор Сейітбек Қуанышбаев бастаған Baitursynuly University-нің делегациясы British Educational Training and Technology Show 2026 көрмесіне қатысты.**

Smarter technology for all INTRO (Лондон, Ұлыбритания) – инновациялар, білім беру және технологиялар бойынша әлемдегі жетекші орталықтардың бірі. Орталық жыл сайын BETT (British Educational Training and Technology Show) білім беру технологиясы мен оқытудың болашағына арналған әлемдегі ең ірі көрме өткізеді.



[Толығырақ](#)



**ҚӨУ-де Армения Республикасының профильдік ұйымдарының өкілдерімен онлайн-кездесу өтті.**

Кездесу танысу, тараптардың қызметі мен ынтымақтастық перспективаларын талқылауға бағытталды.

Біздің университеттің атынан кездесуге ҚӨУ-нің Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығының меңгерушісі Татьяна Зуева, Құзыреттілік және мансаптық өсу офисінің бастығы Тұрар Елібаев, педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі Роза Калимжанова және психология кафедрасының меңгерушісі Гүлнар Сатқангулова қатысты.

[Толығырақ](#)



**Baitursynuly University-де білікті шетелдік ұстаздар саны күннен күнге артып келеді.**

Осы оқу жылынан бастап ҚӨУ-дің машина жасау, энергетика және ақпараттық технологиялар факультетінің бағдарламалық қамтамасыз ету кафедрасына тәжірибелі аға оқытушы Deokjae Lee қосылды. Бұл кафедра үшін үлкен жетістік, себебі дәл осы кафедрада біздің «Computer Science» екі дипломдық бағдарламасының студенттері білім алады.

Айта кетейік, осы бағдарлама бойынша оқуын сәтті аяқтаған студенттер екі диплом алады – ҚӨУ және АҚШ-тағы University of Minnesota Morris университетінен. Оқуларының бір жылын АҚШ-та өткізуге мүмкіндік бар!

[Толығырақ](#)

**ҚӨУ-нің педагогикалық институтының жаратылыстану пәндері кафедрасының 2 курс студенттері «Қыста құстарға көмектесейік!» республикалық акциясына қатысты.**

Акцияның негізгі мақсаты – табиғатқа деген ұқыпты көзқарасты қалыптастыру және жастардың әлеуметтік жауапкершілігін дамыту, жануарларға жанашыр еріктілерді тарту. Профессор Татьяна Брагина студенттік құстарды бақылау клубын құрғалы бері бұл іс-шараға қатысу кафедра студенттері үшін жақсы дәстүрге айналды.



[Толығырақ](#)



**Қостанай өңірлік университетінде «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін инклюзивті процесті ұйымдастырудың әдістемесі мен өзекті педагогикалық технологиялар» білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық бағыттағы профессорлық-оқытушылық құрам үшін біліктілігін арттыру курсы басталды.**

Курс тыңдаушылары – педагогикалық салада білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ҚӨУ оқытушылары. Оқу барысында олар қолжетімді және қолайлы білім беру ортасын құруға бағытталған инклюзивті білім беру процесін ұйымдастырудың заманауи педагогикалық технологиялары мен әдістерін меңгереді.

[Толығырақ](#)

**Baitursynuly University оқытушысы Словакия Республикасының Ұлттық стипендиясын жеңіп алды.**

Қостанай өңірлік университетінің электроэнергетика кафедрасының профессор көмекшісі, техника ғылымдарының кандидаты Светлана Ибрагимова осы аптада Жилин университетіне (Словакия) ғылыми тағылымдамадан етуге аттанады.

Сапардың мақсаты – «Электр жүйелерін талдау мен модельдеуді COIL-мен интеграциялау» ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыру.



[Толығырақ](#)



**Baitursynuly University ректоры Сейітбек Қуанышбаев оқу орны студенттері мен оқытушыларын бастап JAS QOLDAYSHY жастар форумына қатысты.**

«Заң мен тәртіп» бастамасы аясында өткізілген ауқымды шара мемлекеттік органдар мен прокуратура өкілдерінің, мыңнан астам мектеп оқушылары мен студенттердің басын қосты.

Форумда ҚӨУ тәлімгерлік клубының ашылғаны туралы айтылды. Оның мақсаты – мектеп оқушылары мен студенттерді қолдау, құқықтық тәрбие беру, құқық бұзушылықтың алдын алу, жеке үлгі мен сенімді қарым-қатынасқа негізделген белсенді азаматтық ұстанымды дамыту.

[Толығырақ](#)



**Осы демалыс күндері Қостанайда «Денсаулық шаңғысы» атты дәстүрлі шаңғы фестивалі өтті.**

Салауатты өмір салтын насихаттауды көздеген бұл шараға екі мыңнан астам адам қатысты. Додаға Baitursynuly University-дің 50 студентінен құралған команда қатысты. Бұл жарыстың басты мақсаты – салауатты өмір салтын дәріптеу. Сонымен қатар XXV қысқы Олимпиада ойындарының қатысушылары – Виталий Пухкало мен Наиль Башмаковқа қолдау көрсету! Қос олимпиадашы – білім ордамыз ҚӨУ-дің түлектері. Спортшыларымызды мақтан тұтамыз! Сәттілік серіктеріңіз болғай!

[Толығырақ](#)

**“Күміс университет” жобасының қатысушылары ҚӨУ-дегі мұражайларды аралап, түрлі семинарларға қатысуда.**

Педагогикалық институттың жаратылыстану пәндері кафедрасының педагогтары 30 қаңтар мен 25 наурыз аралығында Күміс университеттің тыңдармандарына арнап жоспарға сәйкес оқу-танымдық, ғылыми-көпшілік семинарлар мен шеберлік сыныптарын өткізеді.

«Қостанай облысының биоәртүрлілігі» бағдарламасының мақсаты – табиғи процестерді, географиялық және пайдалы қазбалардың, тау жыныстарының қалыптасу жағдайларын, сондай-ақ аймағымыздың биологиялық әртүрлілігін талқылау.

[Толығырақ](#)




**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде Face ID технологиясына негізделген заманауи кіріп-шығу жүйесі енгізілді.**

Бұл жүйе университеттің цифрлық инфрақұрылымының маңызды бөлігіне айналады. Бет-әлпетті тану технологияларын пайдалану күнделікті рутиналық үдерістерді қысқартып, әкімшілік қызметтердің жүктемесін азайтуға және сабаққа қатысуды есепке алудың дәлдігін арттыруға жағдай жасайды.

Face ID жүйесін енгізу – университеттің цифрлық кампусты дамыту, заманауи IT-шешімдерді енгізу және технологияға бағытталған білім беру ортасын қалыптастыру жолындағы кезекті қадамы.

[Толығырақ](#)



**Baitursynuly University-ге ішкі академиялық ұтқырлық аясында Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің (Ақтау қ.) профессоры келді.**

Профессор Ғалия Бермұхамедова 11 ақпанға дейін ҚӨУ-нің экономика және қаржы кафедрасында студенттерге дәріс оқып, өзінің кәсіби, ғылыми және педагогикалық тәжірибесімен әріптестерімен бөліседі.

Baitursynuly University мен Yessenov University арасында екіжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

[Толығырақ](#)



**Baitursynuly University ғалымдары тағы бір елеулі ғылыми жетістікке қол жеткізді – «Бестамақ қорымы» монографиясы жарық көрді.**

Еңбектің авторлары – ҚӨУ әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессорлары Андрей Логвин мен Ирина Шевнина. Андрей Викторович – ҚӨУ археологиялық зертханасының меңгерушісі, ал Ирина Викторовна – аға ғылыми қызметкер.

Монография Қазақстандағы қола дәуіріне жататын аса маңызды археологиялық ескерткіштердің бірі – Бестамақ қорымын кешенді зерттеуге арналған. Басылымда авторлардың көп жылдар бойы жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері жинақталған.

[Толығырақ](#)





Бүгін Baitursynuly University-де ректор Сейтбек Қуанышбаевтың төрағалығымен ҚӨУ оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің жиыны өтті. Басқосудың негізгі тақырыбы – Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасын талқылау.

– Елімізде тарихи маңызы бар оқиғалар орын алуда. Ата Заңымыздың жаңа редакциясының жобасы ұсынылды. Бұл – мемлекетіміздің басты заңы, берік іргетасы. Ұсынылып отырған түзетулер 77 бапты қамтиды, бұл жалпы көлемнің 84 пайызына тең. Тәуелсіз еліміз үнемі даму үстінде, сондықтан уақыт көшінен қалмау – басты міндет, – деп атап өтті Сейтбек Бекенұлы.

[Толығырақ](#)

**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде «AI-Кәсіптік бағдар беруші» ЖИ-агенті көпшілік назарына ұсынылды.**

Бұл – мектеп оқушыларына болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесетін инновациялық цифрлық құрал. Өзірлеме жасанды интеллект негізінде құрылған заманауи кәсіптік бағдар берудің шешімі және бірнеше дәлелденген әдістемені біртұтас жүйеде біріктіреді.

Жоба AI-Sana ұлттық бағдарламасы аясында ҚӨУ-нің цифрлық технологиялар және жасанды интеллект бөлімі мамандарының инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығымен бірлескен жұмысының нәтижесінде жүзеге асырылды.

[Толығырақ](#)



Бүгін Baitursynuly University-дің барлық корпусарында «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында есірткі қылмысына қарсы бағытталған ауқымды профилактикалық кездесулер өтті.

Бұл диалогқа ҚӨУ-дің барлық факультеттері мен институтының түрлі білім беру бағдарламаларынан 500-ден астам студент қатысты.

– Бұл шараның басты мақсаты – заңды жай ғана талап емес, әр студенттің басты құндылығына айналдыру. «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы аясында жастардың бойында заңға деген құрмет пен жауапкершілікті қалыптастырып, саналы азаматтық ұстанымын нығайтқымыз келеді, – деп атап өтті ҚӨУ әлеуметтік-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Нұрлыхан Темірбеков.


[Толығырақ](#)

**Baitursynuly University-де Washington University in St. Louis университетінің оқытушысы Джек Бернердің қонақ дәрісі өтті.**

ҚӨУ-дің әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің 1–3 курс тарихшы студенттері мен оқытушыларына PhD Candidate of Anthropology (антропология мамандығы бойынша PhD доктор) онлайн форматта «Цифрлық археология» тақырыбында дәріс оқыды. Дәріс «Археологиядағы цифрлық технологиялар» пәні аясында ұйымдастырылды.

Джек Бернер өз баяндамасында АҚШ-тағы археологиялық зерттеулерге шолу жасап, археологиялық ескерткіштерді зерттеу барысында цифрлық әдістерді, ГИС-технологияларды, ЖИ қолдану бойынша жеке тәжірибесімен бөлісті.

[Толығырақ](#)



**Қостанай облысында дәстүрлі түрде өтетін «Оқы және жең» байқауы биыл төртінші рет ұйымдастырылды.**

Бағын сынаған 9800 адамның арасында бәсеке өте жоғары болды. Шарт бойынша қатысушылар үш кітапты толық оқып, әрқайсысы бойынша тест тапсырып, соңында эссе жазуы керек болды.

19 жастан жоғары қатысушылар санатында (бұл топта 4700-ден астам адам болды) ҚӨУ-дің әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы Шынар Төлегенова жеңімпаз атанды! 1-орынды иеленді!

[Толығырақ](#)



**ҚӨУ-де қазақтың қоғам қайраткері, ақын, жазушы Олжас Сүлейменовтің 90 жылдығы және Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 35 жыл толуына орай әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің студенттері мен оқытушыларының ардагерлермен кездесуі өтті.**

Іс-шараның мақсаты – ядролық сынақтардың адам өмірі мен қоршаған ортаға тигізген әсерін талқылау, «Невада–Семей» антиядролық қозғалысының рөлі туралы айтып, студенттердің экологиялық және тарихи санасын кеңейту.

[Толығырақ](#)

**Baitursynuly University-де магистратураның қыста қабылданған түлектеріне диплом тапсыру салтанатты рәсімі өтті.**

Биыл 48 магистрант оқуын сәтті аяқтап, университет ректоры Сеитбек Қуанышбаевтың қолынан диплом алды.

Магистратура түлектері бүгінгі өзінде түрлі салаларда табысты еңбек етуде. Олардың көпшілігі білім беру жүйесінде жұмыс істейді, мемлекеттік органдарда жауапты қызметтер атқарады, сондай-ақ қаржы, аграрлық және индустриялық бағыттарда қызмет етуде. Заңгерлер, қаржыгерлер, журналистер, энергетиктер, IT мамандары, тарихшылар, менеджерлер... Әрқайсысының өзіндік кәсіби тарихы бар.

[Толығырақ](#)



**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ-де Digital AI Lab цифрлық білім беру жобалары зертханасы ашылды.**

Зертхана ҚӨУ Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект бөлімі жанынан ашылды. Бұл – цифрлық және жасанды интеллектке негізделген шешімдерді әзірлеуге қызығушылық танытатын студенттерге арналған жаңа кеңістік.

Digital AI Lab – барлық білім беру бағдарламаларының студенттеріне ашық жобалық орта. Мұнда студенттер:

- топтық және пәнаралық жобалармен айналыса алады;
- цифрлық өнімдер мен жасанды интеллектке негізделген шешімдер жасайды.

[Толығырақ](#)



**Baitursynuly University төрінде жыл сайынғы игі дәстүрімізге айналған «KRU VISION 2026» музыкалық байқауының шымылдығы түрілді.**

Биыл байқаудың бес жылдық мерейтойы. Осы аптада көрермендер жартылай финалистердің өнерін тамашалап, әсем дауыс пен ерекше толқынысқа куә болды. Иә, KRU VISION – бұл тек вокалдық шеберлік қана емес. Бұл нағыз «Евровидение» форматынан бастау алған, дауыспен қатар идея, образ, мәдениет пен мінез-құлыққа мән беретін ауқымды дода.

Сахна төріне 9 жартылай финалист шықты, олардың әрқайсысының өз тарихы мен өзіндік мақсаты бар.

[Толығырақ](#)



**Baitursynuly University студенттері «Лыжня здоровья–2026» фестивалін бағындыруды жалғастыруда.**

Қостанайда өткен фестиваль 6–22 ақпан аралығында Миланда өтіп жатқан XXV қысқы Олимпиада ойындарының қатысушылары Виталий Пухало мен Наиль Башмаковты қолдау мақсатында ұйымдастырылды. Қостанайдағы шаңғы фестивалінің ашылуы 1 ақпанда өтті. Алғашқы күні университетімізден 50 студенттен құралған команда қатысты. 6 ақпанда ҚӨУ қаладағы білім беру ұйымдары арасында ең үлкен құраммен қатысып, тағы да ерекшеленді.

Жалпы, оқу орнынан 102 адам қатысты: 60 студент шаңғымен жарысса, қалғандары спортшыларға белсенді қолдау көрсетті.

[Толығырақ](#)





## Baitursynuly University оқытушылары М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде өтіп жатқан Халықаралық қысқы мектеп жұмысына қатысуда.



Отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының профессорларын, докторанттарын, магистранттары мен ғалымдарын «Әлемдік тарихи-мәдени мұраны сақтау, қорғау және басқару – Auezon University – 2026» атты ортақ тақырып біріктірді.

Аталған қысқы мектеп озық тәжірибе алмасуға, өзекті мәселелерді талқылауға және тарихи-мәдени мұра нысандарын сақтау мен тиімді басқару саласындағы инновациялық шешімдерді іздестіруге арналған бірегей алаңға айналмақ.

[Толығырақ](#)

## Baitursynuly University ректоры Сейтбек Қуанышбаев ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісіне қатысты.

Satbayev University базасында (Алматы қ.) өткен жұмыс тобының басқосуы «Жоғары білім және ғылым: цифрландыру және жасанды интеллект жылы» тақырыбына арналды. Жиын барысында ғылымды басқару мен дамыту ісінде соны тәсілдерге көшу қажеттігі сөз болды.

Ғылыми зерттеулер мен жоғары білім беру жүйесіне цифрландыру процестерін жүйелі түрде енгізу, сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын ұштастыру – басым бағыттардың бірі.

[Толығырақ](#)



## Baitursynuly University ғалымдарының еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланды.

Бүгін Алматы қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісі қорытындыланып, жоғары оқу орыны оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерін марапаттау рәсімі өтті.

Марапат иелерінің қатарында ҚҰО өкілдері де бар.

[Толығырақ](#)

## Білім ордамыздың білікті педагогына «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мәртебелі атағы берілгенін зор мақтанышпен хабарлаймыз.

2025 жылдың қорытындысы бойынша өткен республикалық доданың нүктесі бүгін қойылып, Алматы төрінде үздіктерді ұлықтау рәсімі салтанатты жағдайда өтті.

Еліміздің ең таңдаулы ұстаздарының қатарында – ауыл шаруашылығы ғылымдары факультетінің ветеринариялық медицина кафедрасының ассистент-профессоры, ветеринария ғылымдарының кандидаты Алтын КУЛЬПИ-ИСОВА.

[Толығырақ](#)



## Baitursynuly University-де ұлы ағартушы, педагог, ақын Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығы қарсаңында дәстүрлі халықаралық ғылыми-тәжірибелік «Алтынсарин оқулары» конференциясы өтті.

Конференция тақырыбы – «Білім беру практикасындағы технологиялар мен инновациялар: жаңа қиындықтар мен тиімді шешімдер».

Биыл 21-ші рет өткізілген «Алтынсарин оқулары» Қазақстанның және шетелдің жоғары оқу орындарының, колледждердің оқытушылары мен мектеп мұғалімдері үшін тағы да маңызды диалог алаңына айналды.

[Толығырақ](#)





## Baitursynuly University-дің Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығының мамандары университет кампусындағы кедергісіз ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізуде.

Теңдік, әртүрлілік және инклюзия (EDI) саясатын іске асыру университет қауымдастығының барлық мүшелеріне әділ қарым-қатынас пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді көздейді. Бұл бастама Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның 4, 5, 8, 10 және 16-шы Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) аясындағы міндеттемелерін орындаумен тікелей байланысты.

Мониторинг жұмыстарына қазіргі таңда аталған Орталық базасында кәсіптік практикадан өтіп жатқан болашақ психолог-студенттер де тартылды.

[Толығырақ](#)

## ҚӨУ-де өткен студенттік қайырымдылық балы балалардың еміне 2,5 миллион теңге жинап берді.

Бұл бүкіл ҚӨУ-дің ортақ жеңісі. Ақпан айында факультеттер мен педагогикалық институтта студенттер мен ұстаздар қайырымдылық жәрмеңкелерін ұйымдастырды. Сонымен бірге бал кешінің сатылған билеттерінен түскен қаражат қосылды.

– Мұндай шаралар жастардың бойында жауапкершілік сезімін оятып, асыл құндылықтар төңірегінде біріктіреді. ҚӨУ-де қайырымдылықпен айналысу он жылдан бері үзілмей келе жатқан игі дәстүр, – деп атап өтті ректор Сейтбек Қуанышбаев.

[Толығырақ](#)



## ҚӨУ-де студенттік «KozQaras» ІХ Республикалық қысқаметражды деректі фильмдер фестивалі өтті.

Фестивальді ҚӨУ-нің журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасы ұйымдастырды. Фестиваль онлайн форматта өтті. Шығармашыл жастардың додасына үш жоғары оқу орнының студенттері қатысты: Astana IT University, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті.

[Толығырақ](#)

## ҚӨУ студенті өзінің тың бизнес-идеясын жүзеге асыру мақсатында миллион теңге грант иегері атанды.

Данат Амангелді ҚӨУ Экономика және құқық факультетінің «Менеджмент» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті. Ол кәсіпке жаңа қадам басқан қыз-келіншектер мен 18-30 жас аралығындағы жастарға арналған «Coca-Cola Belesteri-2025» атты байқауға қатысып, топ жарды.

Ресми қорытынды бойынша, Данат Қостанай облысының намысын лайықты қорғап, «Podspace – аудио және видеоконтент түсіретін подкаст-студия» жобасын дамыту үшін 1 000 000 теңге көлеміндегі қайтарымсыз грантқа ие болды.

[Толығырақ](#)



## ҚӨУ студенттері жоғары оқу орындары студенттері арасында өткен І Республикалық «Алаш» олимпиадасында жоғары нәтиже көрсетті.

Олимпиада Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті мен «Тұлғану» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Қарағандыда өтті. Іс-шара Әлихан Бөкейханның 160 жылдығына арналды.

Олимпиаданың мақсаты – «Алаш» қайраткерлерінің ғылыми және рухани мұрасын жаңаша пайымдау, олардың отандық ғылым мен білімнің қалыптастыруындағы ролін ашу.

[Толығырақ](#)



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің экономика және құқық факультетінің оқытушысы Жанара Тастемирова Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің студенттеріне қонақ дәрістер сериясын өткізді.

28 ақпан мен 5 наурыз аралығында ҚӨУ-нің оқытушысы қырғызстандық студенттерге «Стартаптың бизнес-моделі», «Стартаптағы маркетинг» және «Сату стратегиясы» тақырыптарында дәрістер оқыды.

Сабақ барысында стартап-жобаларды дамытудағы заманауи тәсілдер, маркетингтік стратегияны қалыптастыру және бизнесті тиімді ілгерілету жолдары қарастырылды.

[Толығырақ](#)

**Baitursynuly University-де ҚӨУ-нің психология кафедрасы түлектері қауымдастығының қатысуымен «Психологияның даму перспективалары: нормативтер мен құзыреттер» тақырыбында форум өтті.**

Форумның мақсаты – кәсіби психологияны насихаттау, студенттердің әр буыны арасында тәжірибе алмасу, кәсіби байланыстарды дамыту және нығайту, сондай-ақ түлектердің жұмысқа орналасуына ықпал ету.

Кездесуді ҚӨУ-нің әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің психология кафедрасы ұйымдастырды. Іс-шара кафедра оқытушыларын, студенттерді және оқу орны түлектерін, тәжірибелі психологтарды біріктірді.

[Толығырақ](#)




**ҚӨУ-де Британ кеңесінің жобасы аясында қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге арналған оқыту семинары өтті.**

2026 жылдың 12 наурызында «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ бас ғимаратының конференц-залында факультет декандары мен кафедра меңгерушілеріне арналған «Қос дипломды білім беру бағдарламалары туралы ережені түсіндіру» тақырыбында оқыту семинары өтті.

Іс-шара халықаралық академиялық ынтымақтастықты дамытуға және трансұлттық білім берудің заманауи үлгілерін енгізуге бағытталған British Council жобасы аясында ұйымдастырылды.

[Толығырақ](#)



**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жөніндегі республикалық референдумның қорытындысы туралы ақпарат беріліп, жаңа мүмкіндіктер мен болашағы талқыланды.**

«Негізгі заңның эволюциясы: әділ қоғамға қадам» тақырыбындағы диалог алаңының спикері – ҚӨУ мемлекет және құқық теориясы кафедрасының аға оқытушысы Индира Талтанова. Талқылауға университеттің оқытушылары мен студенттері қатысып, елдің конституциялық дамуына қызығушылық танытты.

[Толығырақ](#)



**Марапатталғандардың қатарында Baitursynuly University-дің әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Нұрлыхан Темірбеков бар.**

Наурыз мейрамы қарсаңында Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов Қазақстан Республикасы Президентінің атынан елдің қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан азаматтарға мемлекеттік наградаларды табыстады.

Нұрлыхан Мұқанұлына «Құрмет» ордені табысталды. Бұл – экономика, әлеуметтік сала, ғылым, мәдениет, білім беру салаларын дамытуға қосқан зор үлесі және белсенді қоғамдық қызметі үшін берілетін жоғары мемлекеттік награда.

[Толығырақ](#)





## **Baitursynuly University ректоры Сеитбек Қуанышбаев «Парасат» орденімен марапатталды.**

Марапатты ғылымды дамытуға және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін мемлекет басшысы атынан Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов табыстады.

«Парасат» ордені Қазақстан Республикасының дамуына сіңірген елеулі жетістіктері мен айрықша еңбегі үшін беріледі.

[Толығырақ](#)

## **Қостанай облысының мектеп оқушылары көктемгі демалысты ҚӨУ Инженерлік академиясында білім алып, тиімді өткізуде.**

Бұл жоба Baitursynuly University мен облыстық білім басқармасы арасындағы келісім аясында екінші жыл сәтті жүзеге асырылып келеді. Негізгі мақсат – оқушыларға ерте кәсіби бағдар беру.

Айта кету керек, инженерлік бағыт – оқушылар арасында жоғары сұранысқа ие. ҚӨУ-нің «Жұмысшы инженерлік құзыреттер күні» шарасына Қостанай облысының мектептерінен 100-ден астам оқушы қатысты.

[Толығырақ](#)



## **Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің студенттері Digital Agroleaders байқауының финалдық кезеңіне қатысты.**

Байқау Eurasia Group және Eurasia Education ұйымдарының қатысуымен өтті. Байқаудың финалдық кезеңіне қатысу білім алушылар үшін өздерінің кәсіби даярлық деңгейін көрсетуге, аграрлық салаға деген қызығушылығын танытуға және саланың цифрлық трансформациясына бейімділігін дәлелдеуге мүмкіндік берді.

[Толығырақ](#)

## **«Күміс университет» жобасының тыңдаушылары кезекті оқу курсын ерекше сабақпен қорытындылады.**

Биылғы жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында ҚӨУ жаратылыстану ғылымдары кафедрасы «аға буын» студенттеріне арнап «Қостанай облысының биоалуантүрлілігі» атты арнайы бағдарлама өткізді.

Соңғы сабақта тәжірибеге көбірек мән берілді. Тыңдаушылар аға оқытушы Мария Рулевамен, құстар әлемін зерттеуге құмар студенттермен бірге Жеңіс саябағына танымдық саяхатқа шықты. Табиғат аясындағы сабақта олар құстарды бақылаудың заманауи әдіс-тәсілдерін меңгеріп, Merlin Bird ID by Cornell, iNaturalist, eBird сияқты мобильді қосымшалармен жұмыс істеп үйренді.

[Толығырақ](#)

